

Ертіс өзеніне салынатын көпірдің жобасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 тамыздағы N 1212

Ертіс өзені арқылы салынатын көпірдің жобасын одан әрі жүзеге асыру және Жапонияның Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қорының 21 530 000 000 (жиырма бір миллиард бес жүз отыз миллион) жапон йені мөлшеріндегі займының қаражатын, сондай-ақ 6 791 000 000 (алты миллиард жеті жүз тоқсан бір миллион) жапон йеніне бара-бар мөлшердегі мемлекеттік бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 28 321 000 000 (жиырма сегіз миллиард үш жүз жиырма бір миллион) жапон йені сомасында Жобаны қаржыландыруға бағытталған қаражатты қосымшаға сәйкес бөлу бекітілсін.

2. Аталған Жобаны қаржыландыруға бағытталған қаражаттың түпкілікті заемшысы бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ негізгі борышты, проценттерді және ілеспе төлемдерді өтеу үшін жауаптылық жүктелетін Шығыс Қазақстан облысының әкімі болып табылады деп белгіленсін.

3. Жапонияның Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры займының қаражатынан қаржыландырылатын, аталған Жоба бойынша әкелінетін тауарлар, орындалатын жұмыстар және көрсетілетін қызметтер "Жапонияның Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры мен Қазақстан Республикасы арасындағы Ертіс өзеніне салынатын көпір құрылысының жобасы бойынша Қарыз туралы 1997 жылғы 12 наурыздағы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 мамырдағы Заңымен бекітілген Заем туралы келісімге сәйкес қосылған құнға салық пен кедендік төлемдер төлеуден босатылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Жапонияның Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қорының займы мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің несиесі бойынша негізгі борыштың, проценттердің және ілеспе төлемдердің уақытында өтелуіне бақылау жасауды жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған Жобаны қоса қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында:

Шығыс Қазақстан облысының әкіміне қайтарымды негізде 1997 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражатты уақытында бөлуді қамтамасыз етсін;

келесі қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде Жобаны Жапонияның Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қорымен

келісілген Жобаны жүзеге асыру кестесіне сәйкес көлемдерде қоса қаржыландыру үшін қаражат көздесін;

түпкілікті заемшы - Шығыс Қазақстан облысының әкімімен Жапонияның Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры займының қаражаты мен Жобаны қоса қаржыландыру мақсатында республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты қайтару жөнінде келісім жасассын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу

жөніндегі комитеті аталған Жобаны жүзеге асыруды жалпы үйлестіруді және тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер сатып алуды Жапонияның Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қорының ережелеріне сәйкес жүргізуге бақылау жасауды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 4 тамыздағы
N 1212 қаулысына
қосымша

Санат	Жапонияның Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры тарапынан қаржыландыру, жапон йені	Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан қаржыландыру, жапон йені
Құрылыс жұмыстары	18 307 000 000	6 027 000 000
Консультациялық қызметтер	1 392 000 000	162 000 000
Көзделмеген шығыстар	1 831 000 000	602 000 000
Жиынтығы	20 530 000 000	6 791 000 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК